«Айгөлек» МДБМ КМҚК

№2 Хаттама

Өндірістік кеңес отырысы
07.10.2020 жыл.
Төрайым: В.Ю. Бажбенова
Хатшы: Қ.А. Аманбаева
Қатысқаны: 45 адам
Қатыспағаны: 6 адам.

Күн тәртібі:

1.Қызметкерлерді терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша кеңестермен таныстыру.

ТЫҢДАЛДЫ: МДБМ директор қ.а. Тилеубек С.Ж.. Ол қатысушыларды терроризм актісінің ықтимал қаупі немесе жасалуы жағдайында, сондай-ақ терроризмге қарсы операция жағдайында азаматтарды өткізуге арналған кеңестермен таныстырды. Біз балалар мекемесінің қызметкерлері өз мінез-құлқын және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарын нақты көрсетіп, психологиялық тұрғыдан өзін-өзі қорғауға дайын болуымыз керек екенін атап өтті. Террорлық актілердің алдын алу бойынша жалпы ұсыныстарды оқыды: біздің мекемеде бөтен заттар мен бейтаныс адамдарды анықтаған уақытта дабыл ақпаратын мүмкіндігінше тез және байқаусыз беру; өндірістік тәртіпті сақтау, мекеменің есіктерінің жабық тұруын үнемі қамтамасыз ету; дайындалып жатқан лаңкестік туралы мәліметтер алған бетте, бұл туралы тек қана құқық қорғау органдарына хабарлау қажеттігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ : шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Бейсекова А.Т. Ол заттың сыртқы түрі оның нақты мақсатын жасыра алатынын хабарлады. Жарылғыш құрылғылар үшін ең қарапайым тұрмыстық заттар: сөмкелер, пакеттер, қораптар, ойыншықтар және т. б. қолданылады. Біздің мекеме аумағында лаңкестікке қарсы іс-шараларды күшейтуді және бөгде көліктің пайда болуына ерекше назар аударуды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Терроризмге қарсы қауіпсіздік жөніндегі әдістемелік ұсынымдар назарға алынсын, ақпараттық стендте орналастырылсын.
2. . Жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушілермен әңгімелесу.
3. Мерекелік іс-шараларды өткізу алдында мерекеге қатысушылармен террористік акт жасау немесе қауіп төнген жағдайда әрекет ету тәртібі туралы нұсқаулық өткізу.

Мерзімі - үнемі

Төрайымы: Бажбенова В.Ю
Хатшы: Аманбаева К.А.